

# **Ашық сабақ**

**“Атмосфера” тақырыбы  
бойынша қайталау сабағы**

## **Сабақтың білімділік мақсаты**

**“Атмосфера” тақырыбы бойынша алған білім-білік дағдыларын жүйелеп қорыту, теориялық білімдерін іс жүзінде пайдалана білуге үйрету.**

## **Сабақтың дамытушылық мақсаты:**

**Оқушыларды өздік жұмыс істеуге дағдыландыру, ойлау қабілеттерін дамыту, оқушының білімін тереңдетіп, таным белсенділігін арттыру.**

## **Сабақтың тәрбиелік мақсаты:**

**Атмосфера қабаттарының маңыздылығын зерттеу, қорғау мәселелеріне көңіл бөлу, халық арасындағы табиғатқа байланысты шешендік сөздер, мақал-мәтелдер, тыйым сөздерді қолдану арқылы туған жеріміздің табиғатын сүйуге, аялауға, қорғауға тәрбиелеу.**

**Сабақтың әдісі:** ойын, сұрақ - жауап, кестемен, топпен жұмыс, географиялық диктант, трек сызба, тәжірибе жасау.

**Сабақтың түрі:** Қортынды, жинақтау сабағы.

**Пәнаралық байланыс:** физика.

**Көрнекі құралдар:** Интерактивті тақта, плакаттар, кестелер, диаграммалар.

# **Сабақтың барысы:**

## **I. Ұйымдастыру.**

**а) Сәлемдесу. Класс оқушыларының сабаққа қатысымын тексеру.**

**ә) Оқушылардың сабаққа дайындығын тексеру. Оқушылардың назарын сабаққа аудару.**


**I топ. Атмосфера**

**II топ. Климат**

**III топ. Барометр**

**IV топ. Ауа райы**

1. Ауа құрамындағы пайыздық үлесіне қарай газдардың атауларын жаз:





## 2. Бұл қандай газ?

тыныс алуға, жануға  
қатысатын, тіршілік  
үшін маңызды газ

.....

өсімдіктердің минералдық  
қорегі болып табылатын  
газ

.....

жерді жылытуға  
қатысатын  
газ

.....

## Географиялық диктант (Сөйлемді толықтыр)

Атмосфера Жерді .....қорғайды.

Атмосфераның Жердегі тіршілік үшін .....  
.....  
.....

Атмосфераның ластануымен күресу үшін.....  
.....  
.....

6. Сызбаны толықтыр;

Атмосфераны зерттеу үшін:

35-40 км биіктікте радиозонд  
қолданады

Атмосфераның ластануымен қалыпты жағдайдан 5 – 10 есе асып түсетін Қазақстан қалаларының қатарына: .....  
.....  
.....  
.....  
.....жатады.

2. Сызбаны толтыр:

## ҚЫСЫМ ТӨМЕНДЕЙДІ

Әр 10 м биіктікке

.....  
1 мм сын. бағ. төмендейді



Температура

.....  
төмендейді



4. Сызбаны толықтыр:

**БҮЛГ**



800 – 1000 м биіктікте  
түзіліп, 2 – 4 км  
биіктікке таралады.  
Ондай бұлттан



6 км және одан да  
жоғары биіктікте  
түзіледі.  
Ондай бұлттан



2 км биіктікке  
дейін түзіледі.  
Ондай бұлттан

Күннің немесе  
Айдың  
қоралануын  
түзетін  
бұлт

## **“Бұл не?” ойыны.**

- 1. Ол – жердің ең сыртқы қабығы.**
- 2. Жер бетінің әр шаршы сантиметріне 1 кг 33 г.**
- 3. Түтікшедегі сынап бағанасы, ауа қысымының мөлшері.**
- 4. Бұл құралда адам шашының ылғалдық артқанда ұзару қасиеті пайдаланылған.**

# III. Атмосфераның өлшеу құралдары.




1





2




3



# Атмосфераның өлшеу құралдары.



4



5



# **Тәжірибе жасау:**

## **1. Оттегі бар жерде жану процесі жүреді.**

Ауада шырпыны тұтамыз, ол жақсы жанады. Ал жанып тұрған шырпыны ауасы жоқ ыдысқа салсақ немесе ыдыстың бетін жауып қойсақ, шырпы бірте-бірте сөнеді. Себебі, ыдыстағы оттегі бітеді, жану кезінде көмірқышқыл газы бөлінеді.

## **2. Топырақта ауа бар.**

Ыдыстағы тұрған құрғақ топыраққа су құямыз. Су сіңеді, топырақ арасынан ауа су көпіршіктерімен шығады.

## **3. Ауаның серпінділігі.**

Ауа толтырылған допты жерге ұрса, жоп жоғары көтеріледі. Бұдан ауаның серпінділігін байқаймыз.

## **4.**

# Атмосфераның құрамы.



## Атмосфераның құрамы.



# Жауын - шашынның түрлері





## **Ауа райы болжамдары.**

**Ай еңкейіп туса - жаңбыр жауады, шалқақ түссе - күн суық, салқын, жауынсыз болады, ал егер Ай маңы қораланып туса - шаңдауыл, желді болады.**

## ЖҰМБАҚТАР

1. Қанатсыз құс маңып барады,  
Көзінен жас тамып барады.

2. Аумаған қар, жаумаған қар,  
Таңертең бар, түсте жоқ.

3. Көк жүзінде көп жолақ,  
Қояды екен оны кім бояп?

4. Мөлдір моншақ,  
Өзі жұмсақ.

5. Бар ма, жоқ па білмейсің,  
Онсыз өмір сүрмейсің.

6. Қаһарын тіге келеді,  
Төріңе шыға келеді.

7. Көзге көрінбейді, қолға ілінбейді.

8. Оңынан оқы, тіршілік нәрі,  
Солынан оқы, тіршілік нәрі,  
Онсыз адам, өсімдік, аң, құс,  
Әп сәтте семер, тұншығып бәрі.

## **Ж а у а б ы:**

- 1. Бұлт*
- 2. Қырау*
- 3. Кемпірқосақ*
- 4. Шық*
- 5. Ауа.*
- 6. Үйге кірген суық.*
- 7. Ауа.*
- 8. Ауа.*



**Тыңдағандарыңызға  
рахмет!**